

COVID-19 пандемиясында халықтың ақпаратқа құқығын қамтамасыз ету

2020 жылғы мамыр

Мазмұны

Түйіндеме	3
Ақпаратқа құқық COVID-19 індетімен күресу үшін неге маңызды	4
Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық	5
Қолданыстағы ашықтық қағидаларын қолдау	6
<i>Ақпарат құқығына қатысты заңдар мен рәсімдер</i>	6
Мемлекеттік сатып алу	8
Деректерді қорғау және субъектінің қолжетімділік құқықтары	8
Ашық отырыстар	9
Ашық әділ сот	9
Әшкерелеу	10
Жеке сектордің айқындық регламенті	10
Ақпаратты белсенді жариялау бойынша үкіметтерге қосымша талаптар	11
<i>Жариялауға жататын маңызды ақпарат</i>	11
Денсаулық сақтау туралы ақпарат	11
Қаржы ақпараты	12
Осал тұлғалар, топтар мен қоғамдастықтар үшін пайдалы ақпарат	13
Мемлекеттік басқару туралы ақпарат	14
Адам құқықтары мен құқық қорғау қызметі туралы ақпарат	14
<i>Жариялау стандарттары</i>	14

Түйіндеме

Көптеген үкіметтер COVID-19 індетіне жауап ретінде, пандемия мен қоғамдық маңызы бар басқа мәнді салаларға қатысты мемлекеттік органдардың қолдарындағы ақпаратқа қолжетімділікті шектейтін шаралар қабылдады. Мемлекеттік міндеттер мен қызметтердің азайғандығынан немесе қайта бөлінгендіктен, осы үкіметтердің көбісі үшін қоғамның ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету жиі маңызды немесе басым мәселе ретінде қарастырылмайды. Басқа үкіметтер нашар шешім қабылдауды сынаудан қорғау әрекетінде, немесе адам құқықтарын шектеу және сыбайлас жемқорлықты жасыру бойынша ауқымды күш-жігерлер шеңберінде жасырындықты күштеп міндеттейді. Бұл шектеулер халықаралық құқықта бекітілген ақпаратқа қолжетімділік пен қоғамдық денсаулыққа қатысты міндеттемелерге қайшы келеді.

Қоғамның өз үкіметтерінің қызметі туралы білу құқығын кеміту COVID-19 індетімен күресу күш-жігерлері үшін контрөнімді болып табылады – ақпаратқа құқық қоғамның хабардарлығы мен сенімін көтерудегі, дезинформациямен күресудегі, есеп берушілікті қамтамасыз етудегі, сондай-ақ дағдарысты шешуге арналған мемлекеттік саясатты әзірлеудегі және оның іске асыруын бақылаудағы елеулі маңызға ие. Төтенше жағдайда ақпаратқа құқықтың мейлінше кең дәрежеде сақталуы аса маңызды болып табылады.

Бұдан өзге, індет туралы хабарлау және оған әрекет үшін қажетті ақпаратқа қоғамның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында үкіметтер алдын ала шаралар қолдану арқылы қоғамды пандемия мен қолданылатын шаралар туралы хабарландырулары тиіс.

Бұл құжатта COVID-19 індетімен күресу және есеп берушілікті қамтамасыз ету мақсатында ақпаратқа қолжетімділік бойынша сақталуы тиіс міндеттемелер қарастырылады, және билік белсенді жариялауы тиіс өзекті ақпарат пен деректер жинақтары тізімі ұсынылады. Ол үкіметтер, азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарына осы пандемия және өткен дағдарыстар кезінде бүкіл әлем тәжірибесі негізінде жариялануы тиіс өзекті ақпарат пен деректерді анықтауға көмектесуге арналған.

***«Осы уақытта үкіметтер мейлінше ашық әрі айқын,
қайырымды және өздері қорғауға тырысатын адамдарға жасауы
болулары тиіс».ⁱ***

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, 2020 жылғы сәуір

Ақпаратқа қолжетімділік құқығы COVID-19 індетімен күресу үшін неге маңызды

Ақпаратқа қолжетімділік құқығын қамтамасыз ету COVID-19 пандемиясына қажетті жауап шарасы болып табылады. Бүкіл дүние жүзінде үкіметтер COVID-19 таралуына қандай жауап шараларын қабылдауға болады деген күрделі шешімдер қабылдайды. Ашықтық қоғамның сенімі мен үкіметтің әрекеттеріндегі есеп берушілікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Сондай-ақ бұл қоғамның ахуал туралы хабардарлығын арттырып, өздерін және өз қауымдарын қорғау үшін тиісті әрекеттер жасау үшін түрткі болады. Бұдан өзге, бұл адамдарға шешімдерді түсінуге; ғалымдар мен басқа сарапшыларға аталған шешімдерді егжей-тегжейлі зерттеуге және оларды жетілдіру үшін ұсыныстар жасауға; журналистер мен сайланған өкілдерге ресми мәлімдемелер мен әрекеттерді ақпараттандырылған көзқараспен зерттеуге; ал елдерге бір-бірімен тәжірибе алмасып, үйренуге мүмкіндік береді.

Ақпаратқа қолжетімділік құқығы үкіметтер мен қоғам арасында сенімді нығайту үшін маңызды. Қоғам үкімет пандемиямен күресу үшін не істеп жатқанын білгенде, сенім нығайып, хабардарлық артып, институттармен диалог ашылады – нәтижесінде қоғамның мінез-құлығы жақсарады. Бұл аса маңызды, себебі еркін жүріп-тұру мен жиналыстарды шектеу және қоғамдық іс-шараларды болдырмау бойынша қатаң шаралар нақты және тез түсіндірілмеген жағдайда, қоғам оларды қабылдамайды.

Ақпаратқа қолжетімділік ақпараттандырылған қатысу мен пікірсайыстарды ынталандырып, қоғамның өміріне әсер ететін шешімдерді қабылдау үдерістерін бағалау және талқылау қабілеттігін жеңілдетеді. Мұндай сыртқы есеп беруді қамтамасыз етудің елеулі маңызы бар. БҰҰ Бас хатшысы: «Билік шешім қабылдағанда ашық әрі айқын болулары және сынды тыңдап алып, оған әрекет етуге дайын болулары тиіс,» – деп айтты.ⁱⁱ Еуропа Кеңесі де сәуірде жарияланған құралда: «Ресми хабарламалар пандемия туралы жалғыз ақпараттық арна болмаулары қажет. Бұл цензураға және дұрыс қауіптенулерді басуға әкеп соғады. Журналистер, БАҚ, медициналық қызметкерлер, азаматтық қоғам белсенділері және жалпы қоғам билікті сынау және оның дағдарысқа жауабын мұқият талдау мүмкіндіктері болулары қажет» деп мәлімдеп, сыртқы бақылаудың маңызын атап өтті.ⁱⁱⁱ Денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сарапшылар кәсіпорындарды ашық қалдыру және денсаулық сақтау қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тестілеу үшін құрал-жабдықтың жоқтығы сияқты ықтимал мәселелерді анықтау және жеңілдету үшін үкіметтік деректер, модельдер мен болжамдарды тексеруде маңызды рөл атқарды. Құпиялылық пен технологиялар мәселелері бойынша академиялық сарапшылар індеттің таралуын бақылау және адамдарды хабарландыру үшін ұсынылатын мобилді қолданбалардың тиімділігі мен қауіпсіздігі бойынша пікірталаста өзекті рөл атқарады, ал газеттер қарттар үйлеріндегі мәселелерді айқындайды.

Пандемия туралы сенімді, нақты әрі қолжетімді ақпарат вирус жұқтыру қаупін азайту және халықты қауіпті дезинформациядан қорғау үшін маңызды. Мұндай ақпарат COVID-19 жұқтырғандарды қоса алғанда, осал топтарды стигматизациялау немесе кемсіту мүмкіндігін төмендету үшін аса маңызды. Сондай-ақ ол үкіметтің әрекеттері топтар мен қоғамдастықтарда осал жағдайдағы адамдарды қорғау және қауіпсіздендіру үшін қолайлы екенін/еместігін түсінуге және бағалауға көмектеседі. Ол қасақана дезинформация немесе жай ғана нашар хабарланудың салдары болып табылатын дезинформацияның қауіптеріне қарсы ықпалды алдын алу шарасы болып табылады. Дезинформация мұндай топтарға мейлінше зиян келтіре алады, себебі оларда өздерінің мінез-құлығын тиісті реттеу үшін қажетті ақпарат жоқ.

Сонымен, қазіргі таңда бүкіл әлемде үкіметтер кәсіпорындар мен қоғамдастықтар үшін тауарлар мен қызметтер сатып алу және оларды қолдау үшін миллиардтаған доллар бөледі. Осы төтенше шығындардың негізделуі, үлестіруі мен нәтижелерге қатысты айқындықты қамтамасыз ету, оларды әділ және дұрыс қолдану және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қажет.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық

Ақпаратқа қолжетімділік құқығы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19-бабы^{iv} мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 19-бабында^v бекітілген өз көзқарасын еркін білдіру құқығының негізгі бөлігі болып табылады. Ол адамдардың ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығын қамтиды. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитет № 34 Жалпы тәртіптегі ескертуде мемлекеттер қоғамдық маңызы бар ақпаратты алдын ала жариялау, және мемлекеттік органдардың қарамағындағы ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдету үшін шаралар қабылдаулары, соның ішінде ақпарат бостандығы туралы заңнаманы қабылдаулары қажет деп атап өтті.^{vi}

Өз көзқарасын еркін білдіру құқығының негізгі бөлігі болып, ақпаратқа қолжетімділік құқығы да шектелуі мүмкін, алайда шектеулер заңмен бекітіліп, заңды мақсатты көздеп, қажетті әрі өлшемдес болулары тиіс. Қоғамдық денсаулық сақтау дағдарысына жауап шараларын қабылдау мұндай заңды мақсаттарының бірі болып табылады, бірақ өз көзқарасын еркін білдіру мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашы мәлімдегендей, бұл елдерге өз көзқарасын еркін білдіру құқығынан толығымен бас тарту құқығын бермейді, себебі «олар сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау саясатын ілгерілетеді».^{vii}

Денсаулық құқығына қатысты адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық мемлекеттерге қоғамның ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді жүктейді.^{viii} Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің (ЭӘМҚХП) 12-бабына сәйкес әркімнің «неғұрлым жоғарғы деңгейдегі физикалық және психикалық денсаулыққа құқығы» бар.^{ix} Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет №14 Жалпы тәртіптегі ескертпеде денсаулық құқығы «денсаулық құқығының ажырамас бөлігі» ретінде қарастырылатын «басқа адам құқықтары, [соның ішінде]... ақпаратқа қолжетімділікпен тығыз байланыста және олардың іске асыруына тәуелді...» деп атап өтті. Мемлекеттер «білім беруді және негізгі денсаулық сақтау проблемаларының алдын алу және олармен күресуді қоса алғанда, мұндай проблемаларға қатысты ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етулері»^x тиіс. Комитет сілтемеде «аталған жалпы ескертпеде ақпаратқа қолжетімділіктің денсаулық үшін жоғары маңыздылығына байланысты оған ерекше назар аударылады».

БҰҰ мен Адам құқықтары жөніндегі америкааралық комиссиядан (АҚАК) сарапшылар және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі де «адамның денсаулығы тек оңай қолжетімді медициналық қызмет көрсетуге ғана тәуелді емес. Ол сондай-ақ қауіп-қатерлердің сипаты мен өзін, өз отбасы мен өз қауымын қорғау құралдары туралы ақпарат қолжетімділігіне тәуелді»^{xi} деп атап өтіп, жақында олардың арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекеттердің төтенше жағдайларда ақпаратты қолжетімді ету бойынша қосымша міндеттемелері бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жақындағы жариялымда мәлімдегендей, «Адамдардың ақпаратты алу және өздері мен олардың жақын туыстары тап болатын денсаулық үшін қауіптерді түсіну құқықтары бар. Сондай-ақ олар жауап шараларын қолдану үдерісіне белсенді қатысу құқығы бар».^{xii} Адам және халықтар құқықтары жөніндегі Африка комиссиясы келесіні мәлімдеді:

“Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларда қоғам өкілдері COVID-19 олардың денсаулығына төндіретін қауіп, вирустың алдын алу және таралуын тоқтату үшін қолданылған шаралардың рөлі мен ықпалы, қоғам өкілдері қолданулары тиіс алдын алу шаралары, және таралудың ауқымы туралы нақты, уақтылы, түсінікті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген ақпарат алу құқықтары бар”.^{xiii}

БҰҰ Денсаулық құқығы жөніндегі арнайы баяндамашысы мемлекеттер қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы төтенше жағдайларда қоғамды хабарланулары тиіс деп мәлімдеді: «төтенше жағдайларға жауап шараларын қолдану тиімді жүйесі пайдалы, өзекті, шыншыл және тиісті ақпараттың қоғамға уақтылы берілуін талап етеді»^{xiv}. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитет 2011 жылы Фукусимадағы

апаттан кейін Жапонияға «халықаралық құқық оны радиация деңгейін бақылауды және зардап шеккен адамдарға аталған ақпаратты уақтылы хабарлауды» міндеттейді деп мәлімдеді.^{xv}

БҰҰ Мекемеаралық тұрақты ұйымының (МТК) *Дүлей апат жағдайларында адамдарды қорғау бойынша операциялық жетекші қағидаттарына* сәйкес мемлекеттер

«(a) тап болған апаттың сипаты мен деңгейі; (b) апаттың қауіп-қатерлері мен осалдықты азайту бойынша ықтимал шаралар; (c) қазіргі немесе жоспарланған ізгілікті көмек, қалпына келтіру бойынша күш-жігерлер және тиісті жәрдемақылар; және (d) халықаралық және ішкі заңнамаға сәйкес олардың құқықтары туралы оларға түсінікті тілде оңай қолжетімді ақпаратты» берулері тиіс».^{xvi}

Еуропа мен Орталық Азияда, Еуропалық экономикалық комиссияның (БҰҰ ЕЭК) экологиялық ақпаратқа қатысты Орхус конвенциясы «адам денсаулығы немесе қоршаған ортаға кез келген тікелей қауіп-қатер жағдайында» мемлекеттік органдардан «қауіп-қатерден туындайтын зарардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдауға қоғамға мүмкіндік беретін және билік органының қарамағындағы барлық ақпаратты қауіпке ұшырауы мүмкін қоғам өкілдеріне дереу және тоқтатпай жариялауды» талап етеді.^{xvii} Сондай-ақ бұл адам құқықтары туралы заңнамада бекітілген. Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты (АҚЕС) қоршаған орта ластанған жағдайда, мемлекеттер денсаулық үшін қауіптер туралы ақпаратты жинап, берулері тиіс деп бекітті.^{xviii}

Қолданыстағы ашықтық қағидаларын қолдау

Бүкіл әлемдегі елдер, өңірлер мен қалалар төтенше жағдай жариялады немесе вирустың жұқтыруын азайту үшін төтенше өкілеттіктерді пайдаланды. Бұл шаралардың көбісі қолданыстағы адам құқықтары саласындағы міндеттемелер, соның ішінде ақпаратқа қолжетімділік құқығына әсер етеді.

Ақпаратқа қолжетімділік құқығы маңызды адам құқығы болып табылады, сондықтан, кез келген шектеулер заңды, негізделген, қажетті әрі өлшемдес болулары тиіс. Кез келген шектеу ерекше және қоғамдық денсаулықты қорғау мақсатына өлшемдес болуы тиіс. Кез келген шектеулер тек дағдарыс уақытында әрекет етіп, жүйелі түрде қайта қарастырылулары тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік құқығына қатысты заңдар мен рәсімдер

Бірқатар ел қоғамның ақпаратқа құқығына әсер ететін төтенше заңнама енгізді.^{xix} Олар сауалдарға жауап берудің мерзімдерін жою немесе ұзартудан бастап, заңдардың міндеттерін қатаңырақ шектеуге дейін әртүрлі шараларды қамтиды. Кейбір елдерде шамадан тыс шектеулер соттар немесе реттеуші органдармен тоқтатылған болатын.^{xx}

Заңнамадағы өзгертулерсіз де, пандемия мемлекеттік органдардың ақпаратқа қолжетімділік туралы сауалдарға қабілеттігі әсер еткені анық. Бірақ үкіметтер ақпаратты, әсіресе пандемияға қатысты мәліметтерді беріп жүруге әлі міндетті. АҚАК мемлекеттер: «COVID-19 індеті туғызған төтенше жағдайдың шеңберінде жария ақпаратқа қолжетімділікке құқықты [қамтамасыз етулері], және қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп себептері негізінде жалпы шектеулерді бекітпеулері» тиіс деп мәлімдеді.^{xxi} Ақпарат жөніндегі комиссарлардың халықаралық конференциясы (АҚХК) бүкіл әлемдегі үкіметтерге «ақпаратқа қолжетімділік құқығының құндылықтарын сақтап, денсаулық сақтау саласындағы қазіргі төтенше жағдайға еңсерілмейтін қоғамдық мүддені ескеретін икемді тәсілді» қолдау туралы өтініш білдірді.^{xxii}

Пандемияға қатысты емес сұрақтар туралы ақпарат беру сауалдарына жауап мерзімдерін ұзартылуы мәжбүр болған жағдайда, үкіметтер бас тартуды түсіндіріп, міндеттеме орындалатын уақыт мерзімін бекітіп, мұндай шешімдерге шағымдануға рұқсат берулері қажет.

Ақпараттық құқықтарға қолжетімділікті кез келген азайтудың ықпалын шектеу үшін қолданылуы тиіс қадамдар:

- *Кідірістер.* Ақпаратқа қолжетімділік құқығы ешқашан толықтай жойылуы мүмкін еместігіне қарамастан, практикалық себептермен, мысалы, мемлекеттік лауазымды тұлғалар үйден жұмыс істеуге міндетті болғанда және физикалық жазбаларға қолжетімділіктері жоқ кезде, ақпарат беру сауалдарын орындау заңды түрде кейінге қалдырылуы мүмкін. Алайда, кідірістер тек орган мүмкіндіктерінің іс жүзіндегі кемшілік негізінде қолданылуы тиіс, құзыреттегі барлық органдарға еркімен міндеттенбеулері тиіс. Кідірістер орынды түрде мейлінше қысқа мерзімге бекітілулері тиіс, және үкіметтер аса қажеттілік болмаған жағдайда, оларды ұзартудан бас тартулары тиіс.^{xxiii}
- *COVID-19 індетімен байланысты сауалдардың басымдылығы.* COVID-19 пандемиясымен байланысты ақпарат беру сауалдары басым болулары тиіс және оларға жауаптар қысқа мерзімде берулері тиіс.^{xxiv}
- *Электрондық қолжетімділік.* Мемлекеттік органдар сауалдарды жеке немесе пошта арқылы жасау мүмкіндігі жоқ кезде, электрондық сауалдарды жолдау және ақпаратты электрондық түрде алу үшін құралдардың бар болуын қамтамасыз етулері тиіс.
- *Белсенді жариялау.* Мемлекеттер ақпаратты, әсіресе жедел медициналық жәрдем мен пандемиядан зардап шеккен басқа қызметтерге, сондай-ақ індет салдарын жеңілдетуге арналған шығындарға қатысты ақпаратты белсендірек жариялаулары қажет (жариялауға жататын ақпаратқа қатысты толығырақ ұсыныстарды келесі бөлімде қараңыз). Ақпарат беру сауалдарына жауап ретінде шығарылған ақпарат белсенді жариялануы тиіс, ал ақпарат туралы жалпы сауалдарға жауаптар органның веб-сайтында және басқа электрондық форумдарда автоматты түрде жарияланулары тиіс.
- *Қадағалау органдары.* Мемлекеттік органдар өздерінің жұмыстарын толықтай істейтініне көз жеткізулері үшін қадағалау талап етіледі. Қадағалау органдары қоғамның ақпаратқа тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша өздерінің міндеттерін орындап жүрулері тиіс, сауалдарға жауап бермеу үшін дағдарысты сылтау ретінде қолданып жатқан мемлекеттік органдарға қарсы шығып, олардан қоғамдық маңызы бар ақпаратты жариялауды талап етулері тиіс. Сондай-ақ олар сауалдарды жіберу және байланысу бойынша электрондық жүйелерді көбірек пайдаланып, апелляция құралын қолдауға тырысулары тиіс. Қадағалау органдары пандемияға қатысты ақпаратты жариялаудан бас тарту туралы шағымдарды қарастыруды жеделдетулері қажет. Органдар өздерінің жылдық есептері үшін COVID-19 індетімен байланысты ақпаратты қалай жариялағандарын және сауалдарға қалай жауап бергендерін талдаулары қажет.
- *Әділ сотқа қолжетімділік.* Жақындағы көптеген оқиғаларда билік маңызды ақпаратты соттық құдалау қатерінен кейін жариялады.^{xxv} Осылайша, маңызды мәселелер бойынша соттарға қолжетімділік сақталуы тиіс. Пандемияға қатысты оқиғалар үшін мерзімдер ұзартылмаулары тиіс.
- *Денсаулық пен қоршаған орта туралы заңдар.* Сүмен жабдықтау және қауымдастықтарға қоғам мен денсаулыққа қауіптерді бақылауға көмектесетін қолжетімділікті қамтамасыз ету сияқты ең маңызды қызметтер туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ететін заңдар мейлінше сақталулары тиіс.
- *Есеп жүргізу.* Көп мемлекеттік орган жеке компаниялар басқара алатын хабарлама алмасу мен бейнеконференцбайланысқа көшетінін, ал көп лауазымды тұлғалар қарызға алынған немесе жеке құралдарды пайдаланып, үйден жұмыс істейтінін ескере отырып, тиісті деректер, ақпарат пен талқылаулар ашық үкіметтік сауалдар арқылы қолжетімді болулары үшін олардың толық жазылымдарын жасау әлі де маңызды. АҚХК белгілегендей, «сондай-ақ мемлекеттік органдар тарихтың мұқият талданатын кезеңіндегі анық және айқын байланыс пен жақсы есеп берушіліктің құндылығын растаулары қажет».^{xxvi}

Мемлекеттік сатып алу

Пандемия кезінде сатып алумен айналысатын органдарға ерекше жағдайларда жауап шаралармен байланысты тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу қажет болуы мүмкін. Тапсырыс

берушілердің сатып алу туралы заңнамаға сәйкес бекітілген конкурстық тендерлер мен жарнамаға әдеттегі талаптарды толықтай орындаулары үшін заңды себептері бар. Бірыңғай жағдайлар заңдардың өздерінде жиі көзделеді.

Алайда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын сақтауды қамтасыз етудің үлкен маңызы бар. Сатып алуға кәдімгі талаптардың төтенше жеткізілімдер жағдайында жойылу мүмкіндігіне қарамастан, сатып алатын органдар төтенше шұғылдылыққа қатысты ерекшеліктерді пайдалануды растайтын себептердің егжей-тегжейлі есебін жасаулары әлі де маңызды. Қоғамға есеп берушілікті қамтамасыз ету үшін ақпарат, соның ішінде келісімдер мен шарттар, төлемдер және түсімдер мен олардың пайдалануы туралы есептер толықтай жүйелі негізде жариялануы тиіс.^{xxvii}

Сондай-ақ сатып алумен айналысатын органдар сатып алу рәсімдерінің үзіліссіздігін қамтамасыз етулері тиіс. Сатып алу туралы заң жария тыңдауды талап еткенде, тауарларды ұсынатын ұйымдар, бақылаушы органдар мен кез келген мүдделі азаматқа жағдайды бақылауға мүмкіндік беру үшін олар электронды түрде өткізілулері тиіс.

Аталған ерекшеліктердің көлемі мен ұзақтығы тек аса қажеттілікпен шектелулері тиіс.

Деректерді қорғау және субъектінің қолжетімділік құқықтары

Ақпараттық сауалдарға қолжетімділік жағдайында сияқты, жеке тұлғалар үшінші тараптар, соның ішінде үкіметтер мен жеке ұйымдардың қарамағындағы өздері туралы ақпаратты алғанда қиыншылықтарға тап болулары мүмкін. Субъект қолжетімділігі адамдарға өздерінің жеке деректерінің көшірмесі немесе олардың пайдалануы туралы кез келген басқа қосымша ақпаратты алуға құқық береді. Бұл адамдарға ұйымдар олардың деректерін қалай және неге пайдаланатынын және олар бұны заңды түрде жасайтын/жасаймайтынын тексеруге көмектеседі. Бұл құқық қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы дағдарыс кезінде сақталуы аса маңызды, себебі емдеу, қолдау, тұрғын үй беру және басқа маңызды қызметтер туралы, сондай-ақ қадағалау және қоғамдық денсаулықты сақтауды қамтамасыз ету үшін шешімдер қабылданады.

Ақпаратқа қолжетімділік туралы немесе деректерді қорғау туралы (сол жерде «субъект қолжетімділігі» деп аталатын) заңдарға сәйкес физикалық тұлғалар өз файлдарының көшірмелеріне заңды құқығы бар елдерде, бұл құқық дағдарысқа қарамастан сақталуы тиіс. Өтінішкерлер кідірістерге тап болулары мүмкін, алайда оларды мейлінше қысқарту және тек уақтылы әрі қысқа мерзімде рұқсат беру тиіс. Қазіргі таңда заң мұндайды көздемейтін елдерде қолжетімділік сауалдардың электронды түрде және тым ауыртпалықты талаптарсыз салуларының қамтамасыз етілуі тиіс.

Ашық отырыстар

Көп үкіметаралық, ұлттық және жергілікті билік органдары өздерінің кеңестері, комитеттері, басқармалары мен комиссияларының отырыстарын жабық қылды. Пандемия кезінде отырыстардың ашықтығына кейбір талаптардың шектелуі шарасыз. Сонымен бірге, есеп берушілік қажеттілігі дағдарыс кезінде, әсіресе көп жағдайларға ашық отырыстар шешімдерді қабылдау үшін заңды талап болып табылатынына байланысты, үкіметтер тарапынан ашық отырыстар туралы заңдарды мейлінше сақтауды талап етеді. Бұл мемлекеттік органдардың дағдарысқа қатысты шешімдерді қабылдау үдерістерінде аса маңызды.

Бұған жауап ретінде, көп мемлекеттік орган қазір виртуалды отырыстар, соның ішінде жария тыңдаулар өткізеді. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистерге қашықтықтан қосылу мүмкіндігін беретін баспасөз-конференцияларда жиі-жиі кездесуде. Виртуалды ашық отырыстарға көшкенде, бұқаралық ақпарат құралдары, азаматтық қоғам және қоғам өкілдері отырысты бақылаулары және заңнамамен талап етілетін деңгейде қатысулары үшін мемлекеттік органдар отырыстарға бейне-, аудио- және телефонды қолжетімділік берулері тиіс. Электронды құралдарды қолданумен жария-құқық құрылымдар органдарының отырыстарына қатысу орган жұмысының, әсіресе кворум мен шешімдерге қатысты жүйелі рәсімдеріне кедергі жасамау қажет.

Ұлттық заң шығарушы органдардың ерекше маңызы бар.^{xxviii} Заң шығарушы органдардың сессиялары, соның ішінде қоғамның алдын ала тіркеу немесе рұқсатсыз қолжетімділігі бар палаталар мен комитеттердің барлық сессиялары әрқашан таралып, жазылымдары мұрағаттанулары тиіс. Барлық дауыстар толықтай жарияланулары тиіс. Қоғамның қатысуын талап ететін, экологиялық жоспарлауға қатысты отырыстар мүдделі қоғамдастықтардың толық қатысу қамтамасыз етілгенше кейінге қалдырылулары тиіс.

Сондай-ақ мемлекеттік органдар азаматтар мен мемлекеттік басқару арасындағы байланыс үшін электронды платформаларды қолдануды қабылдаулары немесе күшетулері тиіс. COVID-19 індетіне байланысты отырыстардың кестетіндегі немесе нысандарындағы кез келген өзгертулер туралы қоғамды хабарландыру үшін барлық органдар өздерінің веб-сайттары мен әлеуметтік желілердегі арналарын жаңартулары тиіс. Отырыстар мен күн тәртіптері туралы хабарламалар алдын ала жарияланулары тиіс, ал отырыстарда қолданылатын жазбалар сұрату қажеттілігінсіз онлайн қолжетімді болулары тиіс. Түзетулер сияқты кездесулер кезінде құрылатын құжаттар бір уақытта жарияланулары тиіс.

Сонымен, дағдарысқа байланысты үкіметтер дағдарыс кезінде үкіметке сарапшылық ұсынымдар беретін комитеттер мен басқа ресми немесе бейресми органдарының өздерінің қатысуы мен ұсынымдары туралы толықтай ашық болуларын қамтамасыз етулері тиіс.^{xxix}

Ашық әділ сот

Сондай-ақ үкіметтер пандемияға жауап ретінде өздерінің әділ сот жүйелерінің қызметін қолдау үшін жаңа құралдар енгізеді. Бұл соттық органдар, қызметкерлер, заңгерлер, тараптар және журналистер мен азаматтық қоғам сияқты тыңдаулардың басқа қатысушылары үшін қауіптерді азайту мақсатында жұмыс әдістерін өзгерту және жаңа рәсімдерді енгізу арқылы тәсілдердің өзгеруіне әкелді. Көп соттар тартылғандарға қашықтықтан қосылу мүмкіндігін беру үшін электронды тыңдауларды жиі-жиі қолдануда.

Сонымен бірге, ашық әділ сот – барлық адамдар үшін қатысуға қолжетімді, әр адамның «әділ және жария тыңдауға» құқығының бар болуын талап ететін адам құқығы – аса маңызды болып қалуда.^{xxx} Бұл COVID-19 таралуын болдырмау шеңберіндегі қылмыстық жазалардың әділ қолдануын бақылау үшін әсіресе маңызды.

Үкіметтер қоғамның тыңдаулар мен дәлелдерге әдеттегі деңгейдегі қолжетімділігін қамтамасыз ететін саясатты әзірлеулері аса маңызды. Бұл тыңдаулардың трансляциясын және кестелер, файлдар мен дәлелдерге жетілдірілген электронды қолжетімділікті қамтиды.^{xxxi}

Әшкерелеу

Пандемия басталған мезеттен көптеген елдерде қоғамдық білімдегі елеулі олқылықтар пайда болды, себебі мемлекеттік және жеке органдар жиі кездерде қоғамға қазіргі жағдай туралы нақты әрі белсенді хабарлай алмайды. Әлемдегі шамамен 100 топтың жақындағы хатында атап өтілгендей: «Пайда болатын проблемалардың қатарына денсаулық сақтау желілерінің мүмкіндіктері мен жұмысы, мемлекетік сатып алу, денсаулық, қауіпсіздік және еңбек туралы заңдардың бұзылуы, әділетсіз және нашар дайындалған жеткізілімдердің жаһандық тізбегі, арамзалы бәсеке мен нарықтағы теріс пайдалану тәжірибесі, және адамдарды цифрлық қадағалау арқылы жеке өмір құқықтарының кең ауқымдағы елеулі бұзулары жатады».^{xxxii} Денсаулық сақтау қызметкерлері қазіргі дағдарыстан ерекше зардап шекті, көбісі өздерінің вирусқа шалдықшылығы, нашар жоспарлау мен тиісті құрал-жабдықтар мен қорғану құралдарының жоқтығы туралы алаңдаушылық білдіреді. Олар олақ басшылық, қылықтар мен сыбайлас жемқорлықты әшкерелеу үшін өздерінің мансаптары мен бостандығына тұрмақ, жиі өмірлеріне қауіп төндіреді.^{xxxiii}

Пандемия әшкерелеушілерді үндемеуге мәжбүр ету үшін қолданылмауы қажет. Қоғамдық денсаулық сақтауды жоспарлау мен іске асырудағы олқылықтарды анық қылатын әшкерелеушілер жазадан толықтай қорғалулары тиіс. Санкциялар заңсыз немесе қауіпті әрекеттерді жүзеге асыру үшін пандемияны қолданылатындарға немесе проблеманы анық қылатын әшкерелеушілерге зиян келтіретіндерге қарсы қолданылулары қажет, себебі қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіретін әшкерелеушілер емес.

Жеке сектордің айқындық регламенті

Қоршаған орта, жоспарлау, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, қаржы және т.б. туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, көптеген жеке ұйымдар халықтың денсаулығына әсер ететін, сыбайлас жемқорлықты шектейтін, қоршаған ортаға әсер ететін және басқа маңызды әлеуметтік қажеттіліктер туралы өздерінің қызметі туралы үкіметтік органдарға егжей-тегжейлі ақпарат берулері тиіс. Бұл ақпараттың бөлігі қоғамды бақылау және оның қатысуын көтермелеу құралы ретінде жүйелі түрде жарияланады. Мысалы, көптеген елдердің заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны ластайтын компаниялар қандай уытты химиялық заттарды пайдаланатыны және өндейтіні туралы ақпаратты берулері тиіс. Бұл ақпарат қауымдар тап болулары мүмкін қауіптерді түсінулері үшін аса маңызды.^{xxxiv}

Жеке ұйымдар қоғамдық денсаулық, қоршаған орта және т.б. салаларға әсер ететін өздерінің қызметін жалғастырып, олар бақылауды жалғастырып, қажетті ақпарат пен деректерді берулері тиіс, ал мемлекеттік органдар мүмкін емес деп жарияланған жағдайдан басқа барлық жағдайларда ақпаратты беріп жүрулері тиіс. Мұндай жағдайларда ақпаратты жинауды және жағдай болғанда жариялап жүру қажет. Ешбір жағдайда ақпаратта олқылықтар болмау қажет.

Мемлекеттік компаниялар өздерінің жыл сайынғы жалпы жиналыстарына барлық мүдделі тараптардың қатысуымен өткізу сияқты айқындық бойынша заңды міндеттемелерді сақтап жүрулері тиіс. Сондай-ақ олар өздерінің жыл сайынғы қаржы, әлеуметтік, экологиялық төлемдерін, сондай-ақ басқа есептері бойынша ақпаратты көпшілікке ашуын қамтамасыз етулері тиіс.

Ақпаратты белсенді жариялау бойынша үкіметтерге қосымша талаптар

«Нақты, уақтылы ақпарат төтенше жағдай немесе апат кезінде ең құнды тауарларының бірі болып табылады».

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы^{xxxv}

Жариялауға жататын маңызды ақпарат

Қазіргі таңда үкіметтер өздерінің айқындық бойынша бар міндеттемелерін сақтауы жеткіліксіз; сонымен қатар, бұрын белгіленгендей, олар халықаралық құқыққа сәйкес дағдарыс және қолданылатын шаралар туралы ақпаратты қоғамға беру бойынша міндеттемелерге ие. БҰҰ Бас хатшысы мемлекеттерді пандемиямен күресу құралы ретінде көбірек ақпарат беруге шақырды: «Уақтылы, нақты, шыншыл ақпараттың және жынысты қоса алғанда басқа өлшемдер бойынша бөлшектенген деректердің еркін ағыны аса маңызды болып табылады, сондықтан үкіметтің әрекеттерін тексеруге және сынауға тырысатын тұлғаларда өздерінің рөлін атқару мүмкіндігі болуы тиіс».^{xxxvi}

Бұл бөлімде бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам ұйымдары әр түрлі юрисдикцияларда бірнеше рет сұратқан, пандемияны жеңілдету бойынша ықпал мен күш-жігерлерге қатысты ақпарат пен деректердің негізгі жинақтары түсіндіріледі. Үкіметтер келесі ақпараттың белсенді жариялауы үшін ерекше күш-жігер салулары тиіс:

Денсаулық сақтау туралы ақпарат

Бұл ақпарат күн сайын көпшілік мақұлдаған, ашық және бірнеше рет пайдаланылатын нысанда жариялауы тиіс:

- Денсаулық жайы, аумақ, этникалық тиістілік, жыныс пен жас бойынша ажыратылған, анықталған және күдіктенетін оқиғалардың саны; зардап шеккен денсаулық сақтау қызметкерлері мен басқа өзекті қызметкерлердің саны;
- Аумақ, этникалық тиістілік, жыныс пен жас бойынша ажыратылған, ауруханада және оның шегінен тысқары қаза болған, ауруханаға жатқызылған, қарқынды терапия бөлімшесіндегі, жасанды тыныстық құрылғыларға мұқтаж, ауруханадан шығарылған және карантинда табылатын адамдардың саны; зардап шеккен денсаулық сақтау қызметкерлері мен басқа өзекті қызметкерлердің саны;
- Аумақ, этникалық тиістілік, жыныс пен жас бойынша ажыратылған, өткізіліген тестілердің саны мен нәтижелері, тестіленген денсаулық сақтау қызметкерлері мен басқа өзекті қызметкерлердің саны, тестілеуге жататындық өлшемі;
- Байланыс орнатқан және байланыстарды қадағалағанда тастап кеткен адамдардың саны, қадағалауды өткізу үшін жалданған адамдардың саны;
- Орналасқан жері бойынша ажыратылған, талдау жасайтын медициналық мекемелердің бар болуы, материалдар мен құрал-жабдықтар қорлары, аурухана төсек-орындары, күту уақыты;
- Оқиғалар саны бойынша ажыратылған, ауруханалар, медициналық, әлеуметтік және басқа мекемелер, сондай-ақ түрмелер мен басқа қылмыстық мекемелердің атаулары мен орналасқан жерлері;
- Пандемияға байланысты жойылған, жоспарланған медициналық және басқа рәсімдердің ажыратылған саны;
- Індеттің таралуы мен ықпалын бағалау үшін пайдаланылатын алгоритмдер, модельдер мен негізгі жорамалдар; басқа пандемиялар туралы дәлелдер мен деректер; эпидемиологиялық және мінез-құлық болжамдары;
- Мемлекеттік органдарға ғылыми, экономикалық және өзге ұсынымдар беретін сыртқы топтар немесе комитеттердің барлық мүшелерінің аттары мен өмірбаяндары; үкіметтерге тапсырылған барлық отырыстардың хаттамалары, жұмыс құжаттары мен ұсынымдардың көшірмелері;
- Жаңа алдын алу вакциналарының, дәрілер мен шаралардың, емдеу тәсілдерінің және егжей-тегжейлі нәтижелерімен емдеулердің қазіргі және жоспарланатын сынақтары;
- Бөлшектенген нәтижелерімен індет деңгейлерінің қазіргі және жоспарланатын зерттеулері; сондай-ақ
- Төтенше және қауіпті жағдайлардағы іс-қимыл жоспарлары мен бағалар, дайындық тестілері, сатып алу және қор жинау жоспарлары, байланыс жоспарлары мен жағдай туралы есептер.

Қаржы ақпараты

- Шешім өз білгенінше қабылданған жағдайда, әр жоба үшін жеке қадағаланатын сәйкестендіру нөмірі, алушы, бөлінген сома, қолдаудың түрі, шарттары, мақсаты мен оны көрсету үшін негіздемені көрсетумен бірге, бюджетте көзделген субсидиялар, гранттар, қарыздар және жеке ұйымдарды басқа қолдау түрлеріндегі пайдаланылған немесе бөлінген қаражат туралы толық ақпарат, сондай-ақ бекітуші орган, келісімдер мен бас тартулардың статистикасы, қаржылық қолдау құқығына қатысты жетекші қағидаттар; жеке тұлғаларға төлемдер туралы ақпарат, сондай-ақ нақты бенефициарлық иесі мен заңды тіркелген орналасқан жері көрсетілуі қажет;
- Бюджетте көзделген, алушы орган немесе лауазымды тұлға, бөлінген сома, қолдаудың түрі, шарттары, мақсаты мен оны көрсету үшін негіздемені көрсетумен бірге, үкіметтік органдарды, мемлекеттік кәсіпорындарды, субұлттық және үкіметтің бақылауындағы басқа органдарды қолдау үшін немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалар арасында пайдаланылған немесе бөлінген қаражат, сондай-ақ келісім беретін орган туралы толық ақпарат;
- Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлеріндегі қоғамдық ақпараттық науқандар үшін ресми жарнамаға жұмсалған ақша туралы толық ақпарат, соның ішінде алушылар, көлем, мақсат, таңдау өлшемдері мен ықпал бағалары;
- Келісімшарттар туралы ашық деректер стандарты сияқты деректердің ашық пішіміндегі тиісті материалдармен бірге, тауарлар мен қызметтер беру үшін үшінші тараптармен жасалған келісімшарттар, түзетулер мен басқа келісімдердің толық мәтіндері; келісімшарттар мен келісімдердің орындалуын тексерулері мен есептері;

- Қадағалау мен тексерулер бойынша барлық есептер, соның ішінде шығындар, үдеріс, тиімділік пен нәтижелерді бақылау үшін өткізілген аудиторлық тексерулер;
- Денсаулық жайы, орналасқан жері, этникалық тиістілігі, жыныс, жас, келісімдер мен бас тартулардың статистикасы бойынша ажыратылған, бюджетте көзделген, пандемия салдарларын жою үшін үкіметтер анықтаған немесе пайдаланған, әлеуметтік жәрдемақылар мен бағдарламалар үшін пайдаланылған және бөлінген қаражат туралы толық ақпарат;
- Қайырымдылық көзіне және донор жеке ұйым/тұлға болып табылатынына байлынысты сыныпталған, белгілі бір көлемнен асатын, мемлекеттік органдарға қайырымдылықтар және олардың бөлінуі; сондай-ақ
- Халықаралық ұйымдар, донор елдері мен жеке ұйымдар тарапынан кредит келісімдері және елдерге көрсетілген басқа қолдаудың түрлері, соның ішінде оның бөлінуі туралы толық ақпарат.

Осал тұлғалар, топтар мен қоғамдастықтар үшін пайдалы ақпарат

Осал қоғамдастықтардың бөлек қарастырылуы және жариялануы тиіс ерекше қажеттіліктері бар. Олардың ішінде:

- Индет кезінде ерекше қауіпке төнетін топтар мен азшылықтарға арналған саясат пен шешімдер;
- Индет нәтижесінде бенефициарлардың ерекше топтарына көмектесу үшін үкімет құрған әлеуметтік жәрдемақылар мен бағдарламалар туралы ақпарат;
- Байырғы қоғамдастықтар үшін экономикалық және әлеуметтік салдарларға жедел жауап шараларын қолдану кезінде пайдаланылған (және пайдалануға жататын) ресурстардың жұмсалуды және бюджеттер туралы ақпарат;
- COVID-19, оның ықпалы мен байырғы қоғамдастықтар үшін қолданылған алдын алу шаралары туралы мәдени маңызы бар ақпарат. Алдын ала шараларды тағайындау кезінде билік қоғамдастықтардың өзін-өзі билеу құқығын мойындаулары және құрметтеулері қажет.
- Есептер мен статистика туралы деректерді қоса алғанда, әйелдерге және лесбиян әйелдер, гейлер, бисексуалдар, трансгендерлер мен интерсексуалдарға (ЛГБТИ) қарсы зорлық-зомбылық туралы ақпарат; сондай-ақ
- Жедел желі нөмірлері, қолжетімді күту мекемелері, қорғану шаралары мен құқық бұзышаларды жазалау шараларын қоса алғанда, зорлық-зомбылық құрбандары болып табылатын әйелдер мен көмекке толмағандарға арналған, орынды болған жағдайда байырғы халықтардың тілдеріндегі, гендерлік перспективаның ескеруімен ақпарат.

Мемлекеттік басқару туралы ақпарат

- Атаулары мен қабылдау күндерін қоса алғанда, COVID-19 пандемиясымен күресу бойынша құқықтық және нормативтік шаралар; үкіметтер мен органдар қабылдаған маңызды шешімдер;
- Пандемияға байланысты жойылған немесе тоқтатылған жобалар, сондай-ақ кейінге қалдыру жоспарлары туралы егжей-тегжейлі ақпарат;
- Қазіргі және болжамды экономикалық салдарлар және жағдайды өзгерту бойынша үкіметтік шаралар туралы деректер, талдаулар мен есептер; сондай-ақ
- Қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және т.б. қатысты қолданыстағы заңнамадан ауытқулар, соның ішінде нормативтік ауытқулар, соның ішінде болжамды нәтижелер, зардап шеккен компаниялар мен қоғамдастықтардың саны мен орналасқан жерлері.

Адам құқықтары мен құқық қорғау қызметі туралы ақпарат

- Өз көзқарасын еркін білдіру, жиналыс және бірлесу бостандығы, жеке өмірге қол сұқпаушылық және басқа адам құқықтарына қатысты үкімет пен құқық қорғаушы органдар қолданатын шаралар, соның ішінде олардың заңды негіздемесі туралы нақты әрі түпкілікті ақпарат, соның ішінде нормативтік актілер мен ресми нұсқаулықтар;
- Аталған шаралар немесе қолданыстағы заңдарға сәйкес COVID-19 індетімен байланысты әрекеттер үшін тергеулер, соттық құдалау мен жазалар туралы ажыратылған ақпарат;

- Пандемиямен байланысты жалған хабарлар үшін бұғатталған немесе жойылған әлеуметтік желілерде және басқа тіркеулік жазбалардың саны, Интернетке қолжетімділік шектеулері;
- Жеке және мемлекеттік органдардан жеке ақпаратты жинау және оның заңдық қорғауы, қауіпсіздігі, пайдалануы мен жойылуы туралы ақпарат, соның ішінде деректерді қорғауға ықпалды бағалау және теңдік тұрғысынан бағалау; сондай-ақ
- Жеке тұлғаларды қадағалау, бақылау, хабарландыру немесе карантинге орналастыру үшін қарастырылатын немесе әзірленетін қосымшалар мен басқа құралдар туралы ақпарат, соның ішінде бастапқы код, хаттамалар, шағын құрамдастар, қолдану, құжаттама, саясаттар мен деректерді қорғауға ықпалды бағалау және теңдік тұрғысынан бағалау.

Жариялау стандарттары

Жоғарыда көрсетілген ақпарат келесі өлшемдерге сәйкес қоғамға қолжетімді болуы керек:

Жүйелі әрі уақтылы. Ақпарат жүйелі түрде, мүмкіндігінше қолжетімді болған сәттен бастап берілуі тиіс.

Ашық формат. Деректер жүктелетін, ашық, машинамен оқылатын форматта және ашық лицензия бойынша жеткізілуі тиіс.^{xxxvii} Деректердің жеңіл біріктіруі мен салыстыруын қамтамасыз ету мақсатында ДСҰ денсаулық сақтау саласындағы ақпарат пен нәтижелер үшін әмбебап стандарттар құруы тиіс.

Түсінуге оңай. Деректер, техникалық және заңи ақпаратқа қоса, мемлекеттік органдар пайдаланушыларға қолайлы визуалды бейнелерді қолдануды қоса алғанда, қоғам оңай түсінетін ақпаратты берулері тиіс.

Бүкіл халықты қамту. COVID-19 індетіне қатысты тиісті ақпарат бүкіл халықты қамтуы қажет. Мемлекеттік органдар әр түрлі салалар мен қоғамдастықтарды қамту үшін ақпаратты ең қолайлы форматтар мен құралдар арқылы берулері және таратулары қажет. Көптеген үкіметтер үшін Интернет қоғаммен негізгі байланыс құралы болып табылады. Алайда, бұл қолайсыз жағдайлардағы және алыстағы қоғамдастықтарды шеттеуі мүмкін. Интернетке қолжетімділіксіз немесе қолжетімділігі шектеулі қоғамдастықтарға ерекше назар аудару қажет. Сондай-ақ үкіметтер аталған қоғамдастықтармен газеттер, хабарлама қызметтері, қоғамдық радио және қоғамдық топтар сияқты басқа байланыс құралдарын пайдаланулары қажет.

Бейресми көздер. Мемлекеттік органдар жауапты БАҚ пен азаматтық қоғам ұйымдарына нақты, уақтылы әрі өзекті деректер мен ақпаратты берулері, сондай-ақ аталған ақпаратты ресми рұқсатсыз жария ету уәкілеттігін берулері тиіс.

Ұлттық қауіпсіздік себептерімен құпиялық таңбасының жоқтығы. COVID-19 індетіне қатысты қоғамдық денсаулық сақтау шаралары туралы ақпарат, соның ішінде оқиғалардың саны, салдарларды жеңілдету бойынша үкіметтік жоспарлар, құрал-жабдықтар мен материалдардың бар болуы ресми құпиялар немесе ұлттық қауіпсіздік заңнамасы мен қағидаларына сәйкес құпияланбауы тиіс.

Жеке деректерді қорғау. Жұқтырған немесе жұқтырғанға күдікті тұлғалардың жеке ақпараты қатаң қорғалуы тиіс және тек қоғамдық қажеттілік болған жағдайда жария болуы тиіс.

Осал қоғамдастықтар. Пандемия кезінде халықтың осал топтарын толықтай қамтылуын қамтамасыз ету үшін үкіметтер қосымша шараларды қолданулары тиіс. Бұл жоспарлау мен байланыс стратегияларын қамтиды. ДСҰ үкіметтік органдарға: «қауіп-қатер топтары және басқа мүдделі тараптар (олардың көзқарастары, білімі, жағымды әрі қолжетімді байланыс арналары, насихатталатын мінез-құлықты меңгеру үшін кедергілер...) туралы маңызды ақпаратты анықтау үшін алдын ала және қазіргі бағалауын өткізу»^{xxxviii} ұсынады. Осылайша, олар сауатсыз адамдарға арналған аудиоформаттарды есепке алумен, жергілікті тілдер мен байырғы халықтардың тілдерін қоса алғанда, арнайы әлеуметтік байланыс стратегиялары мен оларға жетудің тиісті құралдарын әзірлеулері тиіс. Мемлекеттік органдар індеттің алдын алу және оны жеңілдету бойынша шараларды әзірлеу және бекіту кезінде байырғы қоғамдастықтардың рухани әрі діни көзқарастары мен салт-дәстүрлерін әрқашан да құрметтеулері және

есепке алулары тиіс. Олар аталған топтарға деректі сүйеніп, байырғы қоғамдастықтардың мүшелеріне тікелей әсер ететін, пандемиямен күресу үшін шараларға олардың еркін, алдын ала әрі саналы келісімі бар болуына көз жеткізулері тиіс.

Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды қамту үшін қосымша шаралар қолдану қажет. БҰҰ Мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары жөніндегі арнайы баяндамашысы «Мемлекеттік консультациялық науқандар мен ұлттық денсаулық сақтау органдарынан ақпарат қоғамға ым тілінде және қолжетімді цифрлық технологиялар, субтитрілер, ретрансляция қызметтері, мәтіндік хабарламалар, оқу үшін оңай әрі қарапайым тілді қоса алғанда, қолжетімді құралдар, режимдер мен форматтарда қолжетімді болуын» ұсынады.

xxxix

ⁱ БҰҰ, *Біз біргеміз: жауап шаралары мен адам құқықтарын қалпына келтіру және COVID-19*, 2020 жылғы 23 сәуір, <https://www.un.org/en/un-coronavirus-communications-team/we-are-all-together-human-rights-and-covid-19-response-and>

ⁱⁱ Тап сонда.

ⁱⁱⁱ Еуропа Кеңесі, COVID-19 санитарлық дағдарыс шеңберінде демократия, әділ сот пен адам құқықтарын құрметтеу: мүше елдері үшін нұсқаулық, Ақпараттық құжаттар SG/Inf(2020)11, 2020 жылғы 7 сәуір.

^{iv} БҰҰ, *Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы*, 19-бап, <https://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/>

^v Адам құқықтары жөніндегі жоғары комиссар басқармасы (АҚЖКБ), *Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт*, 19-бап, <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/ccpr.aspx>

^{vi} БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті, *№ 34 Жалпы тәртіптегі ескерте*, <https://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/docs/gc34.pdf>

^{vii} БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі, Пандемиялар және пікірлер мен оларды еркін айту бостандығы: Арнайы баяндамашының пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі бойынша баяндамасы, A / HRC / 44/49, 2020 жылғы 23 сәуір, https://freedex.org/wp-content/blogs.dir/2015/files/2020/04/A_HRC_44_49_AdvanceEditedVersion.pdf

^{viii} АРТИКЛЬ 19, *Салауатты білім: ақпарат құқығы және денсаулық құқығы*, 2012 жылғы 27 қыркүйек, <https://www.article19.org/resources/healthy-knowledge-right-information-right-health/>

^{ix} БҰҰ, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, 12-бап, https://treaties.un.org/doc/Treaties/1976/01/19760103%2009-57%20PM/Ch_IV_03.pdf

^x АҚЖКБ, *Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің (ЭӘМҚК) №14 Жалпы тәртіптегі ескертпе: мейлінше жоғары деңгейдегі денсаулық құқығы* (12-бап), 2000 жылғы 11 тамыз, <https://www.refworld.org/pdfid/4538838d0.pdf>

^{xi} АҚЖКБ, COVID-19: *Үкіметтер пандемия кезінде ақпаратқа қолжетімділік пен оның еркін таралуын көтермелеулері және қорғаулары тиіс - халықаралық сарапшылар* (Дэвид Кэй, Пікірлер мен оларды еркін айту құқығын көтермелеу және қорғау мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашы; Харлем Дезир, ЕҚЫҰ Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы жөніндегі өкілі және Эдисон Ланца, АҚАК Өз пікірлерін еркін айту бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашысы, 2020 жылғы 19 наурыз, <https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=25729&LangID=E>

^{xii} ДСҰ *Қауіп-қатерлер туралы хабарлау және қоғамдастықты тарту бойынша нұсқаулық (Risk Communication and Community Engagement (RCCE)) COVID-19: Дайындық және жауап шаралары*, 2020 жылғы 16 наурыз [https://www.who.int/publications-detail/risk-communication-and-community-engagement-\(rcce\)-action-plan-guidance](https://www.who.int/publications-detail/risk-communication-and-community-engagement-(rcce)-action-plan-guidance)

^{xiii} Адам және халықтар құқықтары жөніндегі Африка комиссиясы, *Баспасөз үшін Африкадағы COVID-19 жаңа вирусына адам құқықтарына негізделетін тиімді қарсы тұру*, 2020 жылғы 24 наурыз, <https://www.achpr.org/pressrelease/detail?id=483>

^{xiv} БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңес, *Арнайы баяндамашы Ананд Гровердің әр адамның мейлінше жоғары деңгейдегі физикалық және психикалық денсаулық құқығы мәселесі бойынша баяндамасы. Қосымша: Жапонияға миссия*, A / HRC / 23/41 / Add.3, 2013 жылғы 31 шілде,

https://www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session23/A-HRC-23-41-Add3_en.pdf

^{xv} БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті, *Жапонияның 6-шолюы*, CCPR / C / JPN / CO / 6, 2014 жылғы 20 тамыз.

^{xvi} МТК, *МТК Дүлей апат жағдайларында адамдарды қорғау бойынша операциялық жетекші қағидаттары*, 2011 жылғы 7 қазан, <https://interagencystandingcommittee.org/meeting-humanitarian-challenges-urban-areas/documents-public/iasc-operational-guidelines-protection>

^{xvii} 5(1)(с) бап. БҰҰ ЕЭК қараңыз, *Орхус конвенциясы: жүзеге асыру бойынша нұсқаулық*, екінші басылым, 2014 жылғы маусым. Келесі сілтеме арқылы қолжетімді https://www.unece.org/env/pp/implementation_guide.html

^{xviii} Мысалы, АҚЕС, *Гуерра Италияға қарсы*, № 14967/89 арыз, 1998 жылғы 19 ақпандағы шешімді қараңыз.

^{xix} Халықаралық сауалнама туралы ақпаратты қараңыз: «*Үкіметтер пандемияға байланысты ақпаратқа қолжетімділікті бөгейді*» Тоби Макинтоштың мақаласы, 2020 жылғы 25 наурыз, <https://eyeonglobaltransparency.net/2020/03/25/governments-delaying-access-to-information-because-of-pandemic/>; және АҚШ Конгресінің Ғылыми-зерттеу қызметі, *COVID-19 індетіне байланысты Ақпарат бостандығы туралы заңына (Freedom of Information Act, FOIA) әзірленудегі өзгерістер: Қысқаша*, 2020 жылғы 27 наурыз, <https://crsreports.congress.gov/product/pdf/R/R46292>

^{xx} Бразилия, *Suspensa norma que restringe acesso a informações públicas*, 2020 жылғы 26 наурыз, <http://www.stf.jus.br/portal/cms/verNoticiaDetalhe.asp?idConteudo=440207>; және Аргентина, *Agencia de Acceso a la Información Pública*, Resolución 70/2020, 2020 жылғы 14 сәуір, <https://www.boletinoficial.gob.ar/detalleAviso/primera/227825/20200415>

^{xxi} АҚАК, *Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы пандемия мен адам құқықтары*, 1/2020 қарары, 2020 жылғы 10 сәуір, <https://www.oas.org/en/iachr/decisions/pdf/Resolution-1-20-en.pdf>

^{xxii} АҚХК, *COVID-19: Жаһандық пандемия мәнінде ақпаратқа қолжетімділік - Мәлімдеме*, 2020 жылғы 14 сәуір. Келесі сілтеме арқылы қолжетімді <https://www.informationcommissioners.org/COVID-19>

^{xxiii} Мысалы, Жаңа Зеландияның Омбудсмені, *Бас Омбудсменнің COVID-19 індетімен байланысты төтенше жағдай кезінде ақпараттық сауалдарға жауап беру мерзімдері туралы мәлімдемесі*, 2020 жылғы 24 наурыз, <https://www.ombudsman.parliament.nz/news/chief-ombudsmans-statement-official-information-response-times-during-covid-19-emergency> қараңыз.

^{xxiv} АҚАК, 1/2020 қарары.

^{xxv} Мысалы, Люсиль Шерман, «*Солтүстік Каролина штатының денсаулық сақтау органдарының өкілдері ұстанымдарын өзгертіп, қарттар үйлеріндегі шоғырлану орындарын жария етеді*», *News and Observer*, 2020 жылғы 27 сәуір. <https://www.newsobserver.com/news/local/article242315786.html> қараңыз.

^{xxvi} АҚХК, *COVID-19: Мәлімдеме. Сондай-ақ COVID-19: Дағдарыс жағдайында құжаттау міндеті тоқтамай, мейлінше маңыз болды*. <https://cdn.website-editor.net/61ed7ac1402f428695fcc2386ad0577f/files/uploaded/COVID-the-duty-to-document-is-essential.pdf> қараңыз.

^{xxvii} Украинада төтенше жағдайлар туралы келісімшарттар толықтай жарияланулары тиіс. Ашық келісімшарт әріптестігі, *COVID-19 үшін төтенше сатып алу: Жедел, ашық әрі ақылды сатып алу*, 2020 жылғы 24 наурыз, <https://www.opengovpartnership.org/stories/emergency-procurement-for-covid-19-buying-fast-open-andamart/>; сондай-ақ Ақпарат бостандығын дамыту институты, *COVID-19 індетімен*

байланысты мемлекеттік сатып алу бойынша жетекші қағидаттар – Құрылымы мен мазмұны, 2020 жылғы 10 сәуір, [https://idfi.ge/public/upload/Blogs/Recommendations%20on%20Public%20Procurement%20Transparency%20during%20Covid19%20\(2\).pdf](https://idfi.ge/public/upload/Blogs/Recommendations%20on%20Public%20Procurement%20Transparency%20during%20Covid19%20(2).pdf) қараңыз.

^{xxviii} Directorio Legislativo и ParlAmericas, *COVID-19: Парламенттердің рөлін бейімдеу және күшейту: ашық парламент тұрғысынан талдау*, 2020 жылғы сәуір, <https://alertas.directoriolegislativo.org/wp-content/uploads/2020/04/ENG-COVID19-The-Challenge-of-Parliaments-DL.pdf?x32394> қараңыз.

^{xxix} Еуропа комиссиясы, *2020 жылғы 16 наурыздағы Комиссияның COVID-19 бойынша консультативті тобын құру туралы Комиссияның шешімі, C (2020) 1799 final, 10-бап: «Айқындық»*, <https://ec.europa.eu/transparency/regexpert/index.cfm?do=groupDetail.groupDetailDoc&id=39740&no=1>; сондай-ақ Комиссия сарапшыларының топтары мен басқа ұқсас ұйымдардың тізілімі, *Комиссияның COVID-19 бойынша консультативті тобы (E03719)*, 2020 жылғы 17 наурыз, <https://ec.europa.eu/transparency/regexpert/index.cfm?do=groupDetail.groupDetail&groupID=3719&news=1>; және Конгрестің Зерттеулер қызметі, *Федералдық консультативті комитеттер: кіріспе және шолу*, 2016 жылғы 27 қазан, <https://fas.org/sgp/crs/secrecy/R44253.pdf> қараңыз.

^{xxx} БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитет, No. 13 Жалпы тәртіптегі ескертпе: 14-бап (Сот төрелігін орындау), Сот алдындағы теңдік және заңмен бекітілген тәуелсіз сотпен әділ әрі жария тыңдау құқығы, 1984 жылғы 13 сәуір, <https://www.refworld.org/docid/453883f90.html>

^{xxxi} Мысалы, Алғашқы түзету алқасы (First Amendment Coalition, FAC), *FAC Калифорниялық соттарды COVID-19 індетімен байланысты төтенше жағдайда қоғамға қолжетімділік беруді шақырады*, 2020 жылғы 25 наурыз, <https://firstamendmentcoalition.org/2020/03/fac-urges-california-courts-to-ensure-public-access-amid-covid-19-emergency/>; және Джудит Тауненд, «Covid-19, туралы ұлыбританиялық заң және төтенше «қашықтықтан» соттық тыңдаулар: бұл ашық әділ сот үшін нені белгілейді?» Әділ соттағы олқылық, 2020 жылғы 30 наурыз, <https://www.thejusticegap.com/covid-19-the-uks-coronavirus-act-and-emergency-remote-court-hearings-what-does-it-mean-for-open-justice/> қараңыз.

^{xxxii} CISLAC, *Әшкерелеушілерді COVID-19 кезінде және одан кейін қорғауды қамтамасыз ету алқасы*, 2020 жылғы 27 сәуір, <https://cislacnigeria.net/coalition-to-make-whistleblowing-safe-during-covid-19-and-beyond/>

^{xxxiii} Саманта Файнштайн, *COVID-19: Әшкерелеушілерге әлемдегі ең ірі шабуыл*, 2020 жылғы 8 сәуір, <https://whistleblower.org/blog/covid-19-the-largest-attack-on-whistleblowers-in-the-world/> қараңыз.

^{xxxiv} Мысалы, БҰҰ ЕЭК, *Лақтырындылардың тіркелімдері мен ластағыштардың тасымалдаулары туралы Киев хаттамасы*, <https://www.unece.org/env/pp/prtr.html> қараңыз.

^{xxxv} ДСҰ, *Пандемиялық тұмаудың қауіп-қатерлерін басқару бойынша нұсқаулық*, 2017 жылғы мамыр. Келесі сілтеме арқылы қолжетімді <https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/259893/WHO-WHE-IHM-GIP-2017.1-eng.pdf;jsessionid=FF0E44DE342CCEF9F0A31E1EFB14C8E8?sequence=1>

^{xxxvi} БҰҰ, *Біз біргеміз*.

^{xxxvii} Ашық деректер бойынша нұсқаулықты (<https://opendatahandbook.org>) қараңыз.

^{xxxviii} ДСҰ, *Қауіп-қатерлер туралы хабарлау және қоғамдастықты тарту бойынша іс-қимыл жоспары бойынша нұсқалық (RCCE Action Plan Guidance)*.

^{xxxix} АҚЖКБ, *COVID-19: Мүгедектігі бар адамдарды кім қорғайды? - БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі сарапшысы*, 2020 жылғы 17 наурыз, <https://www.ohchr.org/EN/NewsEvents/Pages/DisplayNews.aspx?NewsID=25725&LangID=E>